«Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі» КММ ҚР мемлекеттік рәміздерін насихаттау жұмысының орындалу барысын бақылау анықтамасы

Бақылау тақырыбы:ҚР мемлекеттік рәміздерін насихаттау жұмысының орындалу барысын бақылау
Бақылау мақсаты:Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін насихаттауға арналған іс-шаралардың өткізілу деңгейін және сапасын анықтау.
Бақылау объектісі:Сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралар.
Бақылау түрі:Жан-жақты бақылау
Бақылау әдісі:Тексеру (құжаттарды зерделеу, іс-шараларға қатысу, фото/видео материалдарды қарау)
Орындау мерзімі:02–06.02.2026 ж.
Жауапты:Сейдуалина А.У
Қарау орны:Директор жанындағы отырыс

1. Жалпы талдау

2025–2026 оқу жылына арналған жоспарға сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін насихаттау бағытында 13 іс-шара қарастырылған. Жоспар жүйелі, кезең-кезеңімен және жыл бойын қамтитындай етіп құрылған.
Іс-шаралар патриоттық, құқықтық, эстетикалық және азаматтық тәрбие бағыттарын кешенді түрде қамтиды. Бақылау барысында 1–11 сыныптар арасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін насихаттауға бағытталған сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралардың жоспарға сәйкес өткізілгені анықталды.

2. Мазмұндық бағыт бойынша талдау

1 Ақпараттық-танымдық бағыт

- Мемлекеттік рәміздер бұрышын жаңарту
- «Рәміздер тарихы» ақпараттық сабақтары
- Құқықтық сағаттар
- Кітап көрмесі

Бұл жұмыстар оқушылардың рәміздер туралы білімін тереңдетуге, тарихи және құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған. Ақпараттық бұрыштардың жаңартылуы мен кітап көрмесі тұрақты танымдық орта қалыптастырады.

2 Патриоттық-ұйымдастырушылық бағыт

- Әр дүйсенбі Мемлекеттік Әнұранды орындау
- Әнұранды дұрыс орындау дағдысын жетілдіру
- Рәміздер күніне арналған салтанатты жиын
- Жаппай Әнұран орындау акциясы
- Қалалық, аудандық іс-шараларға қатысу

Бұл бағытта оқушылардың патриоттық сезімі, ұжымдық рухы, мемлекеттік рәміздерге құрметі қалыптасады. Әнұранды жүйелі орындау – мектеп мәдениетінің тұрақты элементіне айналған.

3 Шығармашылық бағыт

- «Менің Қазақстаным» сурет байқауы
- «Отаным менің – Қазақстаным» эссе байқауы
- Патриоттық мазмұндағы сынып сағаттары

Бұл жұмыстар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, ұлттық құндылықтарды сезім арқылы қабылдауына ықпал етеді.

4 Тәртіп пен жауапкершілік бағыты

- Мектеп формасы мен сыртқы келбетін тексеру

Бұл іс-шара оқушыларды тәртіпке, жауапкершілікке, мектеп мәдениетін сақтауға тәрбиелейді.

3. Қамтылу деңгейі

- 1–11 сыныптар толық қамтылған
- Бастауыш, орта және жоғары буынға арналған іс-шаралар сараланған

- Пән мұғалімдері, сынып жетекшілер, әкімшілік, кітапханашы және өзін-өзі басқару ұйымы тартылған

Қамтылу – жүйелі және кешенді.

2025 жылғы 21 қазан күні Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде Республика күні мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның 35 жылдығына орайластырылған Мемлекеттік Әнұранды жаппай орындау іс-шарасы өтті. Бұл шараның негізгі мақсаты – оқушылар мен мұғалімдердің бойында қазақстандық патриотизмді, мемлекеттік рәміздерге деген құрметті қалыптастыру, Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтарын насихаттау болды. Мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын арттыру арқылы жас ұрпақты отансүйгіштікке, бірлікке, елінің тарихы мен тәуелсіздігін бағалауға тәрбиелеу көзделді. Іс-шара барысында мектеп ұжымы Мемлекеттік Әнұранды орындап, еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігі жолында атқарылған тарихи маңызды оқиғаларға құрмет білдірді. Мұндай тәрбие-тағылымдық маңызы зор шаралар оқушылардың азаматтық позициясын нығайтып, ел болашағына деген сенімін арттыра түсетіні сөзсіз. https://www.facebook.com/share/v/16ZW9VYmwe/?mibextid=wwXIfr

08 .12 күні 5–8 сынып оқушыларына арналған «Рәміздер тарихы» тақырыбындағы ақпараттық сабақтар мен видеосабақтар өткізілді. Сабақтарды тарих пәні мұғалімі Нығмет А.Қ. ұйымдастырды. Шара барысында оқушылар Қазақстан Республикасының Туы, Елтаңбасы, Әнұраны туралы терең ақпарат алып, олардың шығу тарихы, мазмұны мен мағынасын жан-жақты танып білді. Мемлекеттік рәміздер – елдің егемендігі мен тәуелсіздігінің айқын белгісі.Оқушылар рәміздерге деген құрметтің әр азаматтың бойында болуы тиіс құндылық екенін түсініп, ұлттық мақтаныш сезімін нығайтты. Видеосабақтар арқылы балалар рәміздер қабылданған кезеңдермен танысып, тарихи деректерден мол мағлұмат алды.Осындай сабақтар жас ұрпақтың патриоттық сезімін қалыптастырып, елінің болашағына жауапкершілікпен қарайтын тұлға болып өсуіне үлкен үлес қосады.

https://www.instagram.com/reel/DSEpW8bknK9/?igsh=YTE4ZXZseXdyYjQ1

4. Күшті жақтары

✓ Жоспар жыл бойына құрылып, тұрақты сипатқа ие

✓ Патриоттық және құқықтық тәрбие өзара байланыста жүргізілген

✓ Әнұранды орындау дәстүрге айналған

✓ Шығармашылық және құқықтық бағыт тең қамтылған

✓ Жауаптылар нақты белгіленген

5. Әлсіз тұстары (жетілдіруді қажет ететін бағыттар)

- Кейбір іс-шаралар бойынша нақты мониторинг механизмі көрсетілмеген
- Қатысушылардың нәтижелік көрсеткіштері (сапалық талдау, кері байланыс) жүйеленуі қажет

6. Қорытынды

ҚР мемлекеттік рәміздерін насихаттау жұмыстары жоспарлы, мазмұнды және кешенді түрде ұйымдастырылған. Іс-шаралар оқушылардың:

- мемлекеттік рәміздерге деген құрметін;
- азаматтық жауапкершілігін;
- патриоттық сезімін;
- құқықтық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған.

Жалпы жұмыс деңгейі – жақсы.

7. Ұсыныстар

1. Әр тоқсан сайын орындалу мониторингін жасап, аналитикалық есеп шығару.
2. «Үздік патриоттық сынып» номинациясын енгізу.
3. Әлеуметтік желіде тұрақты жарияланым арқылы насихаттау жұмысын күшейту.
4. Оқушылар арасында шағын сауалнама жүргізіп, патриоттық тәрбиенің әсерін анықтау.

Орындаған ДТІЖО Сейдуалина А.У

«Ынтымақ жалпы білім беретін мектебі» КММ 202-2026 о.ж бойынша
«Жолда жүру» ережесінің оқытылуының барысын бақылау

Бақылау тақырыбы:Жолда жүру ережесінің оқытылуының барысын бақылау
Бақылау мақсаты:Оқушылардың жолда жүру ережелері бойынша білімін қалыптастыру деңгейін анықтау.
Бақылау объектісі:Жол тәртібі ережесіне арналған жоспар және өткізілген іс-шаралар.
Бақылау түрі:Тақырыптық бақылау
Бақылау әдісі:Тексеру (жоспарларды, сынып сағаттарын, журнал жазбаларын, көрнекі материалдарды зерделеу)
Орындау мерзімі:16–20.02.2026 ж.
Жауапты:Сейдуалина А.У
Қарау орны:Директор жанындағы отырыс (ДЖО)

1. Жалпы орындалу көрсеткіші

Үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес қыркүйек–ақпан айлары аралығында өткізілетін тақырыптар толық қамтылған.

Өткізілген тақырыптар саны:

- **1–4 сыныптар:** қыркүйек, қазан, желтоқсан
- **5–8 сыныптар:** қыркүйек–ақпан

Жалпы жоспарланған тақырыптар уақытылы өткізілген және сынып журналдарына тіркелген.

2. Бастауыш буын (1–4 сыныптар) бойынша талдау

Бастауыш сыныптарда оқушыларға жол қауіпсіздігінің негізгі ережелері түсіндірілген:

- Жаяу жүргінші өтпелері
- Бағдаршам және реттелетін қиылыстар
- Жолдан дұрыс өту тәртібі
- Жол белгілерін тану

Сабақтар көрнекілік құралдар арқылы, суреттер, бейнематериалдар және жағдаяттық тапсырмалар арқылы жүргізілген. Оқушылардың жол белгілерін ажырату және қауіпсіз жүріп-тұру дағдылары қалыптасқан.

3. Орта буын (5–8 сыныптар) бойынша талдау

Орта буында жол қозғалысының қауіпсіздігі тереңдетілген мазмұнда қарастырылған:

- Жол таңбалары мен белгілері
- Бағдаршамның қосымша секциялары
- Жүргізуші міндеттері
- Жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары мен жауапкершілігі
- Жол қозғалысының қауіпсіздігі
- Қоғамдық көлік және көлік құралдарының қозғалысы

Сабақтарда теориялық түсіндірумен қатар жағдаяттық талдау, пікір алмасу, қауіпсіздік ережелерін талқылау ұйымдастырылған.

Оқушылар жол-көлік оқиғаларының себептері мен алдын алу шаралары туралы түсінік қалыптастырған.

4. Оқыту сапасына талдау

✓ Сабақтар күнтізбелік жоспарға сәйкес өткізілген
✓ Жас ерекшеліктеріне сай мазмұн таңдалған
✓ Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған
✓ Алғашқы медициналық көмек элементтері енгізілген (5–8 сыныптарда)
✓ Сынып журналдарында тіркелген

Оқушылардың жолда жүру ережелері бойынша білім деңгейі жүйелі түрде қалыптасып келеді.

5. Қорытынды

Қыркүйек–ақпан айлары аралығында 1–8 сыныптарда «Жолда жүру ережелері» пәні бойынша жоспарланған сынып сағаттары толық көлемде және уақытылы өткізілген.

Оқушылардың:

- жол қозғалысы ережелерін сақтау мәдениеті;
- қауіпсіз мінез-құлық дағдылары;
- құқықтық жауапкершілік түсінігі қалыптасуда.

Жалпы орындалу деңгейі – жақсы.

6. Ұсыныстар

1. Көктем айларында практикалық жаттығулар (мектеп ауласында жол макетімен) ұйымдастыру.
2. Жол полициясы қызметкерлерімен кездесу өткізу.
3. 1–4 сыныптар арасында «Үздік жол белгісін танушы» сайысын ұйымдастыру.
4. Ақпан айынан кейінгі тақырыптар бойынша мониторинг жүргізу.

Жауапты: _____ Сейдуалина А.У

Ынтымақ ЖББМ 2025-2026 оқу жылындағы сабаққа қатысуды бақылау.
Ақпан айы

Бақылау тақырыбы: Оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау
Бақылау мақсаты: Сабаққа қатыспаған балаларды анықтау,себепсіз сабаққа қатыспаудың алдын алу.
Бақылау түрі:жан-жақты бақылау
Бақылау әдісі:бақылау,тексеру,анықтау
Орындау мерзімі: Ақпан
Жауапты:Шайжан.Д.
Қайда қаралды:директорлық кеңес
Оқушылар сабаққа қатысуын бақылау бойынша анықтама.2025-2026 оқу жылы қаңтар айында мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес білім алушылардың сабаққа қатысуына бақылау жүргізілді.
Тексеру жүргізу мерзімі:2026 жылы ақпан
Тексеру бағыты
1.2025-2026 оқу жылының ақпан айындағы оқушылардың сабаққа қатысу статистикасы.
2.Себепсіз жіберілген сабақтар санын азайту бойынша оқушылармен және ата-аналармен жұмыс жасаудың формалары мен әдістері.
Тексеру барысы
Бақылау барысында білім алушылардың сабаққа қатысуына күнделікті бақылау жүргізілді.

Оқушылардың сабаққа қатысуы бойынша мониторинг





📊 Диаграммалар бойынша талдау:
Себепті қатыспаған оқушылар – ең көп 9-сыныпта (10 оқушы, 26,3%).
Себепсіз қатыспаған оқушылар – ең көп 9-сыныпта (5 оқушы, 45%), 8-сыныпта да салыстырмалы түрде жоғары (3 оқушы, 27%).
Бастауыш сыныптарда себепсіз қатыспау көрсеткіші нөлге тең.
Қорытынды бойынша жоғары сыныптарда (8–9 сынып) бақылауды күшейту қажет.
Қорытынды ұсыныстар:
Себепсіз сабаққа қатыспаған оқушыларды бақылауды күшейту.
8–9 сыныптарда сынып жетекшілері мен ата-аналармен алдын алу жұмыстары жүргізу.
Күнделікті қатысу мониторингін толық жүргізу және себепті/себепсіз сабақтан қалуды жүйелі тіркеу.

Анықтаманы жасаған: Шайжан.Д.М

Ынтымақ жалпы білім беретін мектебіндегі мектеп асханасында оқушылардың тамақтануын ұйымдастыруды бақылау қорытындысы туралы

АНЫҚТАМА

Күні: «26 »02 / 2026 жыл

Орындаған: Жакупбекова А.Ж

1. Тексерудің мақсаты:

* Санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын тексеру;
* Тамақтандыру графигі мен бекітілген мәзірдің сәйкестігін анықтау;
* Тамақ өнімдерінің сапасы мен сақталу жағдайын бақылау;
* Бракераждық комиссия жұмысын сараптау.

2. Ұйымдастыру жұмыстары

Мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

1. Оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы АББ 08.01. 2026ж №1 бұйрық.
2. Оқушылардың үзіліс кезінде тамақтану графигі бекітілген және асхана кіреберісінде ілулі тұр.
3. Мектепте бракераждық комиссия және мониторингтік топ (ата-ана комитетімен бірге) құрылған.

3. Тексеріс барысында анықталған жағдайлар:

Тексеру бағыты	Жай – күйі/ Анықталған деректер
Ас мәзірі	Қазақ тағамдану академиясы ұсынған және СЭС пен келісілген 4 апталық перспективалық мәзір бар. Күнделікті мәзір бекітілген порция салмағымен көрсетілген
Санитария	Асхана залы таза, дезинфекциялау құралдары құралдары жеткілікті. Персоналдың арнайы киімдері мен медициналық кітапшалары талапқа сай.
Өнім сапасы	Қоймадағы өнімдердің жарамдылық мерзімі сақталған.Тез бұзылатын өнімдерге ветеринарлық анықтамалар мен сертификаттар бар.
Су режимі	Құшылар үшін таза ауыз су қолжетімді

4. Әлеуметтік көмек (ЖБМББҚ)

Әлеуметтік қорғалмаған отбасылардан шыққан 2 оқушы тегін ыстық тамақпен 100% қамтылған. Тамақ ішу журналы күнделікті толтырылып, сынып жетекшілерімен салыстырылады.

5. Анықталған кемшіліктер:

* Асханадағы тамақтану графигі кейбір сыныптарда 5 минутқа кешігеді, мұның себебі оқушылардың сабақтарда тапсырмаларды кеш орындап қалуынан

6. Қорытынды және ұсыныстар

Мектеп асханасындағы тамақтандыруды ұйымдастыру жұмысы «қанағаттанарлық» деп есептелсін.

Ұсыныстар:

1. Асхана меңгерушісіне тағамдардың температуралық режимін қатаң сақтау тапсырылсын.
2. Кезекші мұғалімдерге оқушылардың ас ішер алдында қолдарын жууын бақылауды күшейту ұсынылсын.
3. Бракераждық комиссия мүшелеріне журналдарды күнделікті уақытылы толтыру міндеттелсін.

Тексерушілер:

1. Мектеп директоры А.А Тезекбаева
2. Директордың тәрие ісі жөніндегі орынбасары А.У Сейдуалина
3. Кәсіподақ төрайымы А.Қ Акпарова
4. Медаға Б.С Жапабаев
5. Ата ана Ш.А Кошенова